



# «ÚZLIKSIZ BILIMLENDIRIW SISTEMASINDA ARALÍQTAN OQÍTÍWDÍN INTEGRACIYASÍ»

atamasındaǵı IV Xalıqaralıq ilimiy-teoriyalıq konferenciya

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «КӨК» КОНЦЕПТИСІНІҢ ФРЕЗЕОСЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ж.М. Пансат<sup>1</sup>,  
Е. Алкая<sup>2</sup>,

М. Әуезов атындағы Оңтүстік  
Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан<sup>1</sup>  
Firat Üniversitesi, Elazığ-TÜRKİYE<sup>2</sup>  
(e-mail: 94\_jansaya@mail.ru<sup>1</sup>, ealkaya16@gmail.com<sup>2</sup>)

**Андатпа.** Мақалада қазақ тіліндегі «көк» концептісінің тұрақты тіркестердегі танымдық, тілдік ерекшеліктері қарастырылады. Еңбекте отандық тіл біліміндегі тұр-түс атауларын лингвомәдени тұрғыда зерттеген ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалған. «Көк» концептісінің қарғыс-алғыс сөздеріндегі танымдық сипатын аша отырып, қарғыс мәнді тұрақты тіркестердің тілдік сипаты зерделенеді. Сондай-ақ тіліміздегі халық арасында «көк» лексемасына байланысты көп қолданылатын фразеологиялық тіл бірліктеріне танымдық, тілдік талдау жасалынған. Дүниенің тілдік бейнесін ұлттық мәдениет мәнмәтінінде қарастыруда кез-келген халықтың тілінде тұрақты тіркестердің стилистикалық қызметі маңызды орын алатыны белгілі. Лингвистикалық тұрғыда фразеологиялық тіркестердегі қолданылатын тіл бірліктеріне жекелей тоқталып, олардың лингвомәдени танымындағы когнитивті болмысы, халық қолданысындағы ерекшелігі, әлеуметтік актуалдылығы, олардың сөйлеу тілі мен ментализдегі өзгерісі жөнінде зерттеулерге баса назар аударылды.

**Түйін сөздер:** концепт, фразеологизм, лингвомәдениеттану, концептуалдық әдіс, когнитивті лингвистика.

## ФРЕЗЕОСЕМАНТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ КОНЦЕПТА «КОК» НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Ж.М. Пансат  
Южно-Казахстанский  
университет имени М.  
Ауезова, Шымкент,  
Казахстан

Е. Алкая  
Университет Фырат,  
Елязыг, Турция

**Аннотация.** В статье рассматриваются познавательные, языковые особенности концепта «кок» в казахском языке в устойчивых выражениях. В работе представлен обзор работ ученых, изучавших названия видов и цветов в отечественной лингвистике в лингвокультурном контексте. Раскрывая познавательный характер концепта «кок» в ругательно-благодарственных словах, изучается языковой характер проклятых устойчивых выражений. Также проведен познавательный, языковой анализ наиболее часто используемых фразеологических единиц языка в связи с лексемой «кок» среди населения нашего языка. Известно, что важное место в рассмотрении языковой картины мира в контексте



# «ÚZLIKSIZ BILIMLENDIRIW SISTEMASINDA ARALIQTAN OQITIWDIŃ INTEGRACIYASI»

atamasındaǵı IV Xalıqaralıq ilimiy-teoriyalıq konferenciya

национальной культуры занимает стилистическая функция устойчивых выражений в языке любого народа. В лингвистическом контексте особое внимание было уделено языковым единицам, используемым во фразеологических выражениях, а также исследованиям их когнитивной идентичности в лингвокультурном познании, специфики в народном употреблении, социальной актуальности, их изменения в речи и ментализе.

**Ключевые слова:** концепт, фразеология, лингвокультурология, концептуальный метод, когнитивная лингвистика.

## PHRASEOSEMANTIC FEATURES OF THE CONCEPT "BLUE" IN KAZAKH LANGUAGE

**ZH.M. Pansat**

*M. Auezov South  
Kazakhstan University,  
Shymkent, Kazakhstan*

**E. Alkaya**

*Firat University, Elazig,  
Turkiye*

**Abstract.** *The article deals with the cognitive and linguistic features of the concept "blue" in the Kazakh language in regular phrases. The paper reviews the work of scientists who studied the names of species and colors in Russian linguistics from a linguocultural point of view. Revealing the cognitive nature of the concept "blue" in the words of a curse, the linguistic nature of constant expressions with the meaning of a curse is studied. A cognitive-linguistic analysis of the phraseological units of the language, which are often used in connection with the lexeme "blue" among the people in our language, was also made. It is known that the stylistic function of regular expressions in the language of any nation plays an important role when considering the linguistic picture of the world in the context of national culture. From a linguistic point of view, the linguistic units used in phraseological phrases were singled out individually, and the study was focused on their cognitive nature in linguistic and cultural cognition, their originality in popular use, social significance and their change in colloquial speech and mentality.*

**Keywords:** *concept, phraseology, linguistics, conceptual method, cognitive linguistics.*

**Кіріспе.** Әлемнің тілдік бейнесін тануда түр-түс әлемі ерекше қызмет атқарады. Тіліміздегі түр-түс атаулары көбінесе адамның көңіл күйін жеткізуде, өмірде сан алуан құбылыстар мен заттық белгілерді жеткізуде астары мағына жүктей отырып, тіл қолданушыға керемет реңк беретін тілдік бірліктер болып табылады. Қазіргі таңда когнитивтік лингвистикада концептілік зерттеулердің белең алуын мәдениетаралық, ұлтаралық, халықаралық қатынастардың белсенді дамуынан пайда болған қажеттілік деп түсінген дұрыс. Бүкіл әлемнің гуманитарлық ғылымында 50-60 жылдары когнитивтік лингвистика аясындағы ғылыми парадигмалардың өрістеп дамығаны белгілі. Ал, біздің елде тек тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары когнитивті лингвистиканың



# «ÚZLIKSIZ BILIMLENDIRIW SISTEMASINDA ARALIQTAN OQITIWDIŃ INTEGRACIYASI»

atamasındaǵı IV Xalıqaralıq ilimiy-teoriyalıq konferenciya

лингвомәдениеттанумен тығыз байланысты қарқынды дамуының нәтижесінде қазақ тіл білімінде концептінің зерттелуі көптеген тың еңбектердің жарыққа шығуына септігін тигізді. Сол зерттеулердің ішінде түр-түс атауларының танымдық ерекшеліктерін зерттеген Н.Н. Аитованың, Ш.Қ.Жарқынбекованың еңбектерін атауға болады.

Түр-түстердің ішіндегі «көк» түс аспан әлемі мен су кеңістігіндегі мұхит, теңіз, көл, өзен ұғымдарымен байланысты тұжырымдалады. Дегенмен де қазақ мәдени танымында «көк» түсі бейбітшіліктің, азаттықтың, бостандықтың белгісі іспетті өз туымызда да бейнеленуі тегін емес. «Көк» түсінің концептілік құрылымдарда вербалдану ерекшеліктері де жағымды, жағымсыз коннотатық бейнелермен ұштасып жатады. Концепт ұғымдық ақпараттан басқа психологиялық, этимологиялық, прагматикалық, мәдени ақпараттарды да білдіреді. Орыс когнитивті тіл білімінің негізін салушы В.А. Маслованың пікірінше концепт адамның дүние туралы жағымды, жағымсыз бағасы, әсері, эмоциясы, ойы, танымы болса [1], А.П. Бабушкин концепт пен ұғым терминдерін ұқсас деп танып бірге қарастыруды ұсынады [2].

Қазақ тіл білімі зерттеушілерінің арасында да концепт мәселесіне терең зерттеу жүргізіп, анықтама ұсынғандары бар. Дүниенің тілдік бейнесін ұлттық мәдениет мәнмәтінінде қарастырған А. Исламның пайымдауынша: «Концепт дегеніміз – ұлттық дүниетанымның ықшам да, терең мағыналы дүниетаным құндылықтарын айқындайтын тілде көрініс тапқан күрделі бірлік» [3]. «Концептілер негізінен мәдени ақпараттарды жинақтап, этникалық мәдениеттің константаларымен, негізгі ұғымдарымен байланыста болады» [4, 102]. «Көк» концептісінің қазақ тіліндегі когнитивтік санада жинақталған ақпараттар бірлігіндегі әртүрлі мағына үстейтінімен құнды болмақ. «Концептінің қайталанбайтын қасиеттері – бұл есте сақтау және қиял. Концепт теориясын ашу үшін «фрейм» және «семантикалық өріс» сияқты ұғымдарды атап өту керек. Фрейм теориясының негізі – бұл әлем туралы білім құрылымдық жасушалар түрінде көрінеді деген түсінік» [5, 160].

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Зерттеу мақаласында когнитивтік және лингвомәдени, лингвопсихологиялық тұрғыдан концептуалдық талдау, баяндау, ассоциативтік қатынаста салыстыру әдістері қолданылды. Әлемнің тілдік бейнесі оның айналасындағыларға көзқарасы мәтіндегі дүниетанымды анықтау барысында концептуалдық талдау әдісі кеңінен қолданылады. Бұл зерттеу әдісі жазушы әлемнің тілдік бейнесін жасай отырып, оқырман назарын маңызды



# «ÚZLIKSIZ BILIMLENDIRIW SISTEMASINDA ARALÍQTAN OQÍTÍWDÍN INTEGRACIYASÍ»

atamasındaǵı IV Xalıqaralıq ilimiy-teoriyalıq konferenciya

болып табылатын лексикалық бірліктерге аударып, ұлт мәдениеті мен өркениетінен мағлұмат беретін лингвомәдени дениремаларды әр алуан концептілердің көмегімен анықтау жолында өз құндылығын жоғалтқан емес.

**Талқылау мен бақылау.** Қазақ тіліндегі түр-түстердің атауларының шығу төркіні жайлы мәселеге зерттеулер түрлі болжамдар айтып келеді. Тіл біліміндегі түр-түс атаулары қазақ халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан сарқылмас қазынасы болып табылатын өзіндік тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпынан түсінік беруде үлкен маңыздылыққа ие екендігін айта кеткен жөн. Мысалы, тарихтан белгілі Ақ Орда, Көк Орда, көк түрік атаулары осы түр-түсті сипаттап отырған сөздер арқылы үлкен маңыздылыққа ие болып отырғаны рас. Әлем халықтарында өздерінің ата тегін білу, оны арнайы зерттеу – ықылым замандардан бері келе жатқан күрделі құбылыс. Ерекше бір қайран қаларлығы, қандай да бір аңды олар өздерінің арғы тегі деп санайды. Мысалы тибеттіктер өздерін еркек маймыл және ұрғашы рақшасадан (орман перісі), моңғолдар – көк бөрі және маралдан, телестіктер де – қасқырдан және ғұн патшасының қызынан, ал түріктер – ғұн бекзадасы мен қаншық қасқырдан тарағанбыз дейді. Соңғы екі аңыз өте ертеде, бұл халықтардың ұлы Гоби шөлінің оңтүстік шегінде өмір сүрген кезеңдерінде шыққан болса керек.

Қазақ тіл білімінде түр-түс атауларын өз зерттеу нысанына айналдырып, іргелі зерттеу еңбектердің ішінде «көк» сөзіне берген пікірлерді саралап өтсек, «көк» сөзі аспан мағынасында қолданылуы көп кездеседі. Алайда бұл сөздің мағынасы негізінен омоним сипатында қарастырады» [6, 96]. «Көк түс – ою-өрнек әлемінде көк түсті ою-көк күмбезі мен судың түсі, биіктік пен тереңдіктің символы, тұрақтылық пен әділеттіліктің, шындықтың көрсеткіші болып табылады. Қазақ ұғымында көк түс нәзік үміт, жылылық, жан жақындығы мен тілек бірлігін де білдіреді» [7, 8].

Ал, Ш.К. Жарқынбекова болса, «көк» концептісін ассоциациялық өріс аясында, қазақ ұғымындағы жағымды, жағымсыз реңктегі мағыналарын ажыратып, ашып көрсетеді [8]. Ә. Қайдар өзінің «Сырға толы түр мен түс» атты еңбегінде «көк» түсінің халық танымында көбінесе табиғат айшықтарын суреттеуде, адам мінезін сипаттауда, аспан әлеміне байланысты теңеулерде қолданылатындығын басты назарда ұстайды [9, 46].

«Көк» сөзі халқымыздың қарғыс сөздерінде көптеп кездеседі. Қарғыс – біруге айтылған зәрлі сөз; лағынет, нәлет. Қарғыс алды – лағынет естіді [10, 485]. Қарғыс-алғыс мәнді сөздер қазақ тілінде адамның сол сәттегі сезімін, ішкі



# «ÚZLIKSIZ BILIMLENDIRIW SISTEMASINDA ARALIQTAN OQITIWDIŃ INTEGRACIYASI»

atamasındaǵı IV Xalıqaralıq ilimiy-teoriyalıq konferenciya

жан қиналысын, тебіренісін, қуанышын тілмен жеткізететін адамның мінез-құлқына, өмір сүру жағдайына, шартына және басынан өткізген оқиғасына байланысты өзгеріп тұратын тіл бірліктері болып табылады. Тілімізде «көк» сөзіне байланысты айтылатын қарғыс мәнді тұрақты тіркестер молынан кездеседі. Мәселен, «Көкшешек бол», «Көгала келіп, атың өшсін», «Көктей сол», «Көк кәріне ұшыра», «Көк шешек келсін», «Көк соққыр», «Көк түйнек болғыр!».

Түр-түстердің тұрақты тіркестерде айтылуы шынайы өмірде көптеп қолданатын қазақ халқы үшін көк түсімен байланысты фразеологиялық тіл бірліктері ауыспалы мағынада бейнелі образда ерекше мән мағынаға ие. «Таяққа еті үйренген қойшы жайлап, Көк есек қозғала ма түрткінге айдап?» [11, 34]. Көк есек – жұмсауға қолжаулық адам, көнбіс. «Күркірейді көк долы семсерін» [12]. Көк долы – ашушаң, ызақор адам.

**Нәтижелер.** Қазақ фразеологиясының семантикасы соңғы жылдары қалыптасқан лингвистика ғылымындағы жаңа бағыттар негізінде когнитивті санамен тығыз байланысты, дүниенің тілдік бейнесін құрайтын концептілер ара қатынасында зерттелуі қазіргі тілдік деректермен салыстыруға және сол тілді тұтынушылардың дүниетанымы мен ұлттың әлеуметтік-тарихи дамуына байланысты көптеген деректерден хабардар етеді. Себебі, тұрақты тіркестер халықтың әр кезеңіндегі өмір тарихынан тікелей хабар беретін айқын дерек көздерінің бірегейі. Зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде «көк» концептісінің қазақ тілінің когнитивті кеңістігіндегі ментальді формадағы мағыналық өрісі көптеген мәдени коннотациялармен берілген. Бұл тілдік бірліктер ұлттық мәдени ерекшеліктер мен халықтық дүниетаным нәтижесінде ғасырлар бойы тілімізде жинақталған ақпараттар болып табылатындықтан қазақ концептосферасында семантикалық тұрғыдан өзіндік ерекшеліктерімен маңыздылыққа ие.

«Көк» концептісіндегі фразеологиялық тіркестерді когнитология тұрғысынан талдағанда фраземалардың ұлттық сипаты мен бейнелі тіл орамдарының пайда болу көздері мәдени ентаңбалы, этномәдени деректер барысында талдағанда бұл тұрақты тіркестердің символдық, стилистикалық, семиотикалық ерекшеліктері айқындалды. «Көк» концептілі фразеологизмдерде ұлттың мәдениеті, ауыз әдебиеті, мифологиялық дүниетаным іздерін байқау қиын емес. Соынмен қатар «көк» концептілі фразеологиялық тіркестер әлем бейнесін танудағы қайталанбас модельдер деп тануға және халық



# «ÚZLIKSIZ BILIMLENDIRIW SISTEMASINDA ARALIQTAN OQITIWDIŃ INTEGRACIYASI»


atamasındaǵı IV Xalıqaralıq ilimiy-teoriyalıq konferenciya

қолданысындағы өміршеңділігімен, атадан балаға мирас болып жетіп отырған мәдени мұра үлгілерін жинап, сақтауда өз таныммымен өзгешеленетін тілдік деректер екені анықталды.

Қазіргі таңда тіл біліміндегі когнитивті лингвистикадағы әлемнің тілдік бейнесін тануда концепт – бұл ақиқат дүние туралы санада жинақталған жан-жақты білімнің қоры екендігіне дау жоқ. Жеке адамның танымы мен түсінігіне орай концепті – ғылыми, мәдени, рухани, көркемдік танымда берілуі немесе ықшамдалған түрінде кездесуі «көк» концептісін лингвомәдениеттану бағытында зерттеу – мәдени ақпаратты танытатын және сол мәдениетті қалыптастыратын адамзаттың тіліндегі мәдени мазмұнды бейнелейтін тілдік таңба табиғатын зерттеу арқылы жүзеге асырылады. Бұл әрине – бұл символдық, эталондық, стереотиптік, бейнелі-метафоралық мәнге ие болған бүтін мәдени мазмұнды бейнелей алатын деноттатық сипаты басым тіл бірліктері арқылы тіліміздің бай қорында әлдеқашан орныққан тілдік бірліктер болып табылады. «Көк» концептісінің фразеосемантикалық ерекшеліктері адамның мінезін сипаттауда, табиғат көріністерін айшықтауда, қарғыс мәндегі фразеологизмдерде, адамның ішкі толғанысын жеткізуде стильдік бояуын айқын көрсетуде таптырмас тілдік құралдар болып табылады.

**Қорытынды.** Көркем әдебиет тілін зерттеу – жазушы тіліндегі ұлт мәдениетінен хабар беретін тілдік жүйелердің зерттелуімен ғана құнды емес, филология ғылымдарының алдында тұрған бүгінгі таңдағы қажетті міндеттердің бірі. Көркем шығарма арқылы оқырман жан дүниесіне, өмірлік ұстанымына, сезіміне әсер ете алатындай бейне, образ жасауда түрлі амал-тәсілдердің ішінде тұрақты тіркестердің алатын орны ерекше. Колоративті лексиканы зерттеу – қазақ тіл білімінде қарқынды дамуда. Түр-түстердің мағынасы, символикасы, этимологиясы, концепт құру ерекшелігі қазіргі кездегі тіл еңбекшілерінің назарына ілініп, адамтану парадигмасы тұрғысынан зерделеніп жатыр.

Ойымызды қорытындылайтын болсақ, «көк» концептісінің мазмұнын ашатын тұрақты тіркестерді талдау барысында олардың стильдік ерекшеліктеріне тоқтала отырып, «көк» сөзімен келген тұрақты оралымдардың концептілік мәнге ие екендігіне көзіміз жетіп отыр. «Көк» лексемасымен келген жағымды мағынадағы фразеологиялық тіркестермен қатар, тілімізде «көк» сөзімен тіркескен жағымсыз мағынадағы фразеологизмдер де көптеп қолданылатынына көзіміз жетті.



# «ÚZLIKSIZ BILIMLENDIRIW SISTEMASINDA ARALIQTAN OQITIVDIN INTEGRACIYASI»

atamasındaǵı IV Xalıqaralıq ilimiy-teoriyalıq konferenciya

Зерттеу мақаласы барысында «көк» концептісінің мазмұнын ашатын фразеологизмдердің қазақ тілінің тілдік қорында өте көп екендігі және олардың қолданыстағы белсенділігімен оларды зерттеудің өзектілігі артып отыр. Бұдан шығатын қорытынды: «көк» концептісін мазмұндайтын фразеологизмдердің тек халық тілінде ғана емес, әлем бейнесін сомдауда мәдени ақпараттық формаларды сақтауға, қазақ менталитетін танытатын ұлттық стереотиптерді бойына жинаған халық дәстүрімен тығыз байланыста екендігін айтқымыз келеді. «Көк» концептісінің мәнін ашатын тұрақты тіркестерде ұлттың мәдениеті, салт-дәстүрі, мифологиялық дүниетаным іздерін байқау қиын емес.

## Әдебиеттер:

1. Маслова В. А. Введение в когнитивную лингвистику. – Москва, Издательство «Флинта», 2007. – 296 с.
2. Бабушкин А.К. Типы концептов в лексико-фразеологический семантике языка их личная и национальная специфика. Дис... док филиал, наук. – Воронеж, 1998. – 303 с.
3. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы- салғастырмалы лингвомәдени сараптама). Филология ғылымдарының докторлық ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2004. – 54 б.
4. Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері. – Алматы: Арыс, 2007. – 278 б.
5. Рақымжан О.Қ., Шалабай Б. Ғаламның концептуалдық-тілдік бейнесіндегі «жалғыздық» концептісі (С. Жүнісов шығармалары негізінде). Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. №3(140), 2022.
6. Баялиева Г.Ж. XI-XII ғасырлардағы жазба әдеби ескерткіштер тіліндегі сын есімдер («Қутадғу билиг» пен «һибат-ул хақайиқ» жәдігерліктері бойынша. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2003.
7. Kaskatayeva Zh.A., Mazhitayeva Sh., Omasheva Zh.M., Nygmetova N., Kadyrov Zh. 2020.
8. Colour Categories in Different Linguistic Cultures, Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities, 12(6), P. 1-13. DOI: <https://dx.doi.org/10.21659/rupkatha.v12n6.14>.
9. Жаркынбекова Ш.К. Языковая концептуализация цвета в казахском и русском языках. Дис... док. фил. наук. – Алматы, 2004.
10. Қайдар Ә.Т., Өмірбеков Б.Е., Ахтамбердиева З.Т. Сырға толы түр мен түс. – Алматы: Қазақстан, 1986. – 95 б.



# «ÚZLIKSIZ BILIMLENDIRIW SISTEMASINDA ARALIQTAN OQITIVDIN INTEGRACIYASI»

atamasındaǵı IV Xalıqaralıq ilimiy-teoriyalıq konferenciya

11. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 965 б.
12. Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
13. <https://bilim-all.kz/olen/3310-Asam-dep-Alatauymnan>

## References:

1. Maslova V.A. Vvedenie v kognitivnuiu lingvistiku. – Moskva, Izdatelstvo «Flinta»,
2. 2007. – 296 s.
3. Babuşkin A.K. Tipy konseptov v leksiko-frazeologicheski semantike iazyka ih lichnaia i
4. nasionálnaia spesifika. Dis... dok filial, nauk. – Voronej, 1998. – 303 s.
5. İslam A. Últtyq mádeniet konteksindeǵı dúnienniń tıldık sureti (salıstıymaly -
6. salǵastıymaly lingvomádeni saraptama). Filologia ğylymdarynyń doktorlyq ğylymi dárejesin alu úşin daiyndalǵan disertasiyanıń avtoreferaty. – Almaty, 2004. – 54 b.
7. Tileuberdiev B.M. Qazaq onomastikasynyń lingvokonseptologialyq negızderi. – Almaty: Arys, 2007. – 278 b.
8. Raqymjan O.Q., Şalabai B. Ğalamnyń konseptuldyq-tıldık beinesindeǵı «jalǵyzdyq» konseptisi (S. Júnısov şyǵarmalary negızinde). L.N. Gumilev atyndaǵy Eurazia últtyq universitetiniń habarşysy. Filologia seriasy. №3(140), 2022.
9. Baialieva G.J. XI-XII ğasyrlardaǵy jazba ádebi eskertkişter tılindeǵı syn esımdar («Qutadǵu bilig» pen «hibat-ul haqaiiq» jádigerlikteri boıynşa. Filologia ğylymdarynyń kandidaty ğylymi dárejesin alu úşin daiyndalǵan disertasia. – Almaty, 2003.
10. Kaskatayeva Zh.A., Mazhitayeva Sh., Omasheva Zh.M., Nygmetova N., Kadyrov Zh. 2020. Colour Categories in Different Linguistic Cultures, Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities, 12(6), P. 1-13. DOI: <https://dx.doi.org/10.21659/rupkatha.v12n6.14>.
11. Jarkynbekova Ş.K. İazykovaia konseptualizasia sveta v kazahskom i ruskom iazykah. Dis... dok. fil. nauk. – Almaty, 2004.
12. Qaidar Ä.T., Ömirbekov B.E., Ahtamberdieva Z.T. Syrǵa toly tür men tüs. – Almaty: Qazaqstan, 1986. – 95 b.
13. Qazaq tiliniń tüsındirme sözdıǵı. Jalpy redaksiasyn basqarǵan T. Janūzaqov. – Almaty: Daik-Pres, 2008. – 965 b.
14. Baitürsynov A. Şyǵarmalary: Öleñder, audarmalar, zertteuler. – Almaty: Jazuşy, 1989. – 320 b.
15. <https://bilim-all.kz/olen/3310-Asam-dep-Alatauymnan>





# «ÚZLIKSIZ BILIMLENDIRIW SISTEMASINDA ARALIQTAN OQITIW DÍN INTEGRACIYASI»

atamasındaǵı IV Xalıqaralıq ilimiy-teoriyalıq konferenciya

## Авторлар туралы мәлімет:

**Пансат Жансая Мусилхановна** – «8D02310» Филология мамандығының 3 курс докторанты, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан.

**Пансат Жансая Мусилхановна** – докторант 3 курса филологии по специальности «8D02310», Южно-Казакстанский университет имени М. Ауезова, Шымкент, Казакстан.

**Pansat Zhansaya Mussilkhanovna** –doctoral student of Philology "8D02310", M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan.  
ORCID: 0000-0003-3380-8017

**Еркан Алкая** – филология ғылымдарының докторы, профессор, Фырат университеті, 23119 Елязыг Меркезі, Елязыг, Түркия.

**Еркан Алкая** – доктор филологических наук, профессор, университет Фират, 23199 Елязыг Меркез, Елязыг, Турция.

**Ercan Alkaya** – Doctor of Philological Science, Professor, Firat University, 23199 Elazig Merkezi, Elazig, Turkiye.  
ORCID: 0000-0003-3405-6718